



Ақылды Айдар мен СанаБоттың саяхаты

by Нұрислам Амангелді



Айдар компьютер алдында отыр. Ол үй тапсырмасын жасап болған соң, қызық бағдарлама іздей бастады. Экранда сүйкімді робот пайда болды, ол Айдарға өзін СанаБот деп таныстырды.



СанаБот Айдарға жануарларды тануды үйреніп жатқанын айтты. Айдар таңырқап, оның суреттен аңдарды тани алатынына сенбеді. СанаБот кейде қателесіп, мысықты қоян деп шатастыратынын айтты.



Экран жарқ етіп, Айдар мен СанаБот виртуалды орманда пайда болды. Олар арыстанды көрді. СанаБот оны үлкен мысық деп ойлады, бірақ Айдар оның орман патшасы арыстан екенін түсіндірді.



Айдар СанаБотқа қоянды көрсетті. СанаБот қоянның құлағы ұзын, секіргіш екенін айтты. Содан кейін олар қойдың, ит пен тауықтың дыбыстарын тыңдады.



Әр жануар өздерін таныстырды. Піл тұмсығымен су шашатынын, құмырсқа еңбекқор екенін, бүркіт аспанда ұшатынын, ал дельфин теңіздегі ең ақылды жануар екенін айтты.



СанаБот сурет пен дыбысты салыстырып, әр жануарды жақсырақ тани бастады. Айдар СанаБоттың адам сияқты үйрене алатынына таң қалды.



Соңында Айдар жасанды интеллект компьютердің ойлауға және үйренуге тырысатын бағдарламасы екенін түсінді. Ол сурет, дыбыс, сөз арқылы заттарды тануды үйрене алады. Біз оған дұрыс мысал көрсетсек, ол да “ақылды” бола бастайды!



Кітаптың соңында балалар жануарларды тану ойынын ойнады. Олар суреттерге қарап, СанаБотқа қай жануар екенін табуға көмектесті. Балалар жаңа білімдерін қуана қолданды.